

**Наурыз мейрамын тойлауға арналған
«Шымырлық пен шеберлік күні» республикалық
байқауын өткізу қорытындысы туралы
АҚПАРАТ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ жоспарына сәйкес 2022 жылғы 11 наурызда Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Шымырлық пен шеберлік күні» республикалық байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты: қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарына, ұлттық ойындарға және еңбек әрекетіне баулу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін, қызығушылықтарын, белсенділігін қалыптастыру.

«Шымырлық пен шеберлік күні» екі блок бойынша өткізілді:

1) «Ханталапай» балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұлттық ойындар (қимылды, сюжетті-рөлдік және басқа) ұйымдастырылды және өткізілді;

2) «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» балалар мен ата-аналардың арасында мата, жүн, былғары, киіз, ағаш, жіп, қағаз, сазбалшық және т.б. заттардан қолөнер туындыларын әзірлеуден байқау ұйымдастырылды.

Байқау меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың барлық типтері мен түрлері арасында 3-тен 5 (б) жасқа дейінгі балалардың қатысуымен өткізілді.

«Шымырлық пен шеберлік күні» үш кезең бойынша өткізілді: 1 — аудандық (қалалық); 2 — облыстық; 3 — республикалық. Байқаудың қатысушылары: облыстық, қалалық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) кезеңнің жеңімпаздары.

«Шымырлық пен шеберлік күні» байқауының республикалық кезеңіне қатысу үшін білім басқармалары Балаларды ерте дамыту институтына жеңімпаздардың бейнематериалдарын ұсынды. «Ханталапай» ойынына 11 өңірден 19 материал, «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» - 11 өңірден 22 материал.

«Шымырлық пен шеберлік күні» байқауын ұйымдастыру және өткізу деңгейі келесі критерийлер бойынша бағаланды:

«Ханталапай» ойыны:

- педагогтің ұйымдастыру шеберлігі, балалардың ойын шартын түсінуі;
- көрнекі құралдардың қолданылуы;
- бейнероликтің сапасы;
- ойын өткізу орнының талапқа сәйкестігі (ұлттық стильде безендірілуі).

«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» қолөнер байқауы:

- байқау өткізу орнының көркем безендірілуі;
- бейнематериалдың сапасы;
- қолөнердің сюжетке сәйкестігі;

- қолөнер бұйымын жасауда шығармашылық танытуы.

«Шымырлық пен шеберлік күні» байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

«Ханталапай» ойыны бойынша:

I орын:

- № 33 «Айсәуле» бөбекжай-бақшасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы

II орын:

- «Алпамыс» балабақшасы, Ақмола облысы, Астрахан ауданы;

- «Бегім Ана» бөбекжай-балабақшасы, Қызылорда қаласы;

III орын:

- № 8 сәбилер бақшасы, Павлодар қаласы

- «Алпамыс» бөбекжай бақшасы, Қызылорда қаласы

«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» байқауы бойынша:

I орын:

- Орналы Айназ - № 3 «Өрімтал» бөбекжай-балабақшасы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

II орын:

- Асылбек Нұрислам - № 8 бөбекжай-бақшасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы;

- Нуралиев Тәуекел - «Анеля» бөбекжайы, Түркістан облысы, Сайрам ауданы;

- Бекирова Мерей - «Бауырсақ» жекеменшік балабақшасы, Маңғыстау облысы;

III орын:

- Хибат Бекмұрат - Сосновка жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар облысы, Шарбақты ауданы

- Жанаділ Алия, Азымқан Тоғжан, Пардабай Балауса - № 11 «Нұрбөбек» бөбекжай-балабақшасы, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы.

Байқау жүлдегерлері «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұсынған бағалы сыйлықтарымен және Балаларды ерте дамыту институтының дипломдарымен марапатталды.

«Шымырлық пен шеберлік күні» байқауының нәтижелері туралы ақпарат Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілерде орналастырылады.